«Үздік ҮЕҰ», «Үздік әлеуметтік жоба» байқауына қатысушылардың тізімі:

1	Қызылорда облыстық Чернобыль, Ауғанстан және Совет армиясы әскерлері жесірлерінің одағы «Ару ана» қоғамдық бірлестігі	Сарымсакоова Раушан Тулетовна
2	«Көкжиек» қоғамдық қоры	Турбаева Аймен Сексенбаевна
3	«Жалағаш-достық мекені» қоғамдық бірлестігі	Мирман Дина Нұржанқызы
4	«Жалағаш ауданы жастарының «Темірқазық» қоғамдық бірлестігі	Табынбай Ақнұр Асқарқызы
5	«Аңсаған» мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамдық бірлестігі	Раймбаева Бақыткүл Картаевна
6	«Жарқын болашақ аула клубы» қоғамдық бірлестігі	Жарықбаев Әлібек Темірбекұлы
7	«Golden Qazaqstan» жастар қоғамдық бірлестігі	Кенжебек Бақытбек Кенжебекұлы
8	«Golden Qazaqstan» жастар қоғамдық бірлестігі	Кенжебек Бақытбек Кенжебекұлы
9	«Қарлығаш» шеберлер орталығы» үкіметтіе емес коммерциялық емес мекемесі	Ильясова Қарлығаш Серікбайқызы

«АШЫҚ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ»
АҚПАРАТТЫҚ-РЕСУРСТЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«ИНФОРМАЦИОННО-РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР
«ОТКРЫТОЕ ГРАЖДАНСКОЕ ОБЩЕСТВО»

«ASHYQ AZAMATTYQ QOǴAM» AQPARATTYQ-RESÝRSTYQ ORTALYǴY» QOǴAMDYQ QORY

Республика Казахстан, город Кызылорда, ул.Али Исаев №36, 8 (707)282-65-15, 8 (708)870-37-78, irc.ogo@mail.ru

16.06.2021 № 61

г.Кызылорда

Қызылорда облыстық ішкі саясат
басқармасының басшысы
М.Қазбековаға

Қызметтік хат

2021 жылғы 21.06-31.08 күндері аралығында Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығының ұйымдастыруымен **«Үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық-ресурстық орталығы жұмысын ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы** аясында Қызылорда облысының ҮЕҰ арналған «Үздік ҮЕҰ», «Үздік әлеуметтік жоба» байқауын өткізу жоспарлануда.

Осыған орай, аталған іс-шаралардың маңыздылығын ескере отырып, келісім беруіңізді сұраймын.

Қосымша: 5 парақта

Қор Президенті **А.Аликулов**

Байл.:8 707 282 65 15

«КЕЛІСЕМІН»
Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы
М. Қазбекова
_____
«___»_____ 2021 жыл

«БЕКІТЕМІН»
«Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығының президенті А.Ешкулов
_____
«___»_____ 2021 жыл

2021 жылғы «Үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық – ресурс орталығы қызметін ұйымдастыру» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өтетін «Үздік ҮЕҰ», «Үздік әлеуметтік жоба» байқауларының ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты

- Әлеуметтік және қоғамдық маңызды проблемаларды шешуде азаматтық бастамаларды қолдау;
- Үкіметтік емес ұйымдардың позитивті имиджін қалыптастыру, облыстың белсенді үкіметтік емес ұйымын және жүзеге асырылып жатырған үздік жобаны марапаттау арқылы әлеуетін арттыру.

Байқау ұйымдастырушысы: «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» КММ-сі тапсырысына сәйкес «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығы» қоғамдық қоры ұйымдастырады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Байқауға әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған кез-келген идеялар мен жобаларды қарастыруды көздейді.

1.2. Байқауға қатысуға саяси партияларды, кәсіптік одақтарды, діни бірлестіктерді есепке алмағанда, коммерциялық емес ұйымдарға жол беріледі.

1.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

1) Бірінші кезең – байқау комиссиясы мүшелерінің өтінімдер мен ұсынылған өтінімдерді бағалауы. Байқау өтінімдері мен қатысушылар санына шектеу қойылмайды;

2) Екінші кезең – «Үздік ҮЕҰ», «Үздік әлеуметтік жоба» іріктеу мақсатында байқау комиссиясының өтінімдерді қарастыруы;

3) Үшінші кезең – үздік жоба авторларын салтанатты түрде марапаттау.

2. Байқау өтінімдерін ұсыну тәртібі

2.1. Байқауға қатысу үшін белгіленген формаға сәйкес толтырылған (Қосымша 1) өтінімді және Power Point форматындағы жоба презентациясын (слайд) (Қосымша 2-ге сәйкес) ұсыну қажет. Өтінім электронды түрде «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығы» қоғамдық қорының электронды мекен-жайына жолдануы irc.ogo@mail.ru немесе Ғ.Мұратбаев к., 13У, «БАБАС» БО, «Облыстық ҮЕҰ-дарға арналған ақпараттық-ресурстық орталығы»-на тапсырылуы қажет.

2.2. Байқау талаптарына сәйкес емес өтінімдер байқауға қатысуға жіберілмейді.

2.3. Байқауға келіп түскен құжаттарды құрылған комиссия отырысы қарастырады. Отырыс жабық түрде өткізіледі.

2.4. Өтінімді қабылдау мерзімі: **2021 жылғы 21.06 – 31.08 аралығы, сағат 12.00-ге дейін.**

3. Іріктеу критерийлері

3.1. Байқауға Қызылорда облысының аумағында қызмет атқаратын, үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына уақытылы тіркелген үкіметтік емес ұйым қатыса алады;

3.2. Заңды тұлға ретінде тіркелген куәлігінің көшірмесі;

3.3. Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына тіркелгендігін растайтын құжат;

3.4. Жарғының көшірмесі;

3.5. Ұйым басшысының түйіндемесі, суретімен қоса *(қазақ және орыс тілдерінде);*

3.6. Жоба туралы толық ақпарат *(2 ден кем емес жоба ұсыну);*

3.7. Жоба бойынша атқарылған жұмыстардың бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет ресурстарда жариялануы бойынша дайджест;

3.8. Жоба бағытталған нысаналы топтардың пікірі;

3.9. Жобаның әлеуметтік маңыздылығы;

3.10. Жоба аясында әлеуметтік мәселелерді шешудегі тәсілдердің жаңашылдығы мен маңыздылығы;

3.11. Жаңа инновациялық технологияларды, формалар мен тәсілдерді пайдалануы;

3.12. Жоба аясында тартылған бюджеттен тыс қаражат және қосымша шаралар туралы мәлімет;

3.13. Іс-шараны жүзеге асырудағы әлеуметтік әріптестік тараптар;

3.14. Байқау барысында талап етілген құжаттардың толық тапсырылуы міндетті;

3.15. Байқау жеңімпаздары конкурстық комиссия шешімімен белгіленеді;

3.16. Өтінім байқаудың шартына сәйкес болуы;

3.17. Байқаудың комиссия мүшелігіне енген қоғамдық қор, қоғамдық бірлестіктер байқауға қатыса алмайды;

3.18. Байқауға тапсырылған құжаттар қайтарылмайды.

4. Байқауға жобалар келесі тақырыптық бағыттар бойынша қабылданады

4.1. Денсаулық сақтау саласы;

4.2. Білім саласы;

4.3. Кәсіпкерлік және туризм саласы;

4.4. Жастар саясаты;

4.5. Ұлттық құндылықты насихаттау (қазақ халқының ұлттық құндылықтары: тіл, салт-дәстүр);

4.6. Азаматтық қоғам институттары.

5. Марапаттау рәсімі

Жеңімпаздар арнайы дипломдар, алғыс хаттар және қаржылай сыйлықақылармен (Бас жүлде – 500 000 теңге, 1 орын – 300 000 теңге, 2 орын – 200 000 теңге, 3 орын – 100 000 теңге (ЖТС 10% қоса есептегенде) марапатталады. Марапаттау рәсімінің уақыты мен орны туралы ақпарат қосымша хабарланады.

Қосымша ақпарат алу үшін: 8-707 – 282 -65 15 - Үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық-ресурстық орталығы.

1-қосымша

Қызылорда облысының ҮЕҰ арналған
«Үздік ҮЕҰ», «Үздік әлеуметтік жоба» байқауына қатысуға өтінім

Ұйым атауы:	
Ұйымның тіркеуден өткен уақыты:	
Ұйымның мекен жайы: (Пошта индексі, облысы, қаласы, көше, үй нөмірі)	
Байланыс құралдары: (тел нөмірі, электронды пошта адресі)	
Ұйым басшысының Т.А.Ә.	

Қолы, М.О.

2-қосымша

Қызылорда облысының ҮЕҰ арналған
«Үздік әлеуметтік жоба» байқауы аясында дайындалатын презентация критерийлары

Жоба презентациясын Power Point (слайд) форматында ұсыну талап етіледі.

- Жоба презентациясында жазылуы қажет тармақтар:
- Ұйымның атауы және эмблемасы;
- Ұйым жетекшісінің аты-жөні;
- Жоба атауы;
- Мәселенің қойылымы;
- Жобаның өзектілігі;
- Жобаның мақсаты мен міндеті;
- Жобаның іске асырылу механизмі;
- Жоба бойынша қызметті қысқаша сипаттау;
- Нәтиже (жоба жүзеге асырылған болса, жобаның нәтижесі);
- Жобаның серіктестері;
- Жобаның жалпы бюджеті;
- Қаржыландыру көзі.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ

ҮЗДІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

ЖӘНЕ **ҮЗДІК ҮЕҰ**

БАЙҚАУЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

21 маусым - 31 тамыз

толық ақпарат
+7 707 282 65 15
qogam.kzo
irc.ogo@mail.ru

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120001, Қызылорда қаласы,
Сұлтан Бейбарыс көшесі 6/1, 309 каб
тел./факс: 8(7242) 605319 e-mail: uvp@orda.gov.kz

АКИМАТ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КЫЗЫЛОРДИНСКОЕ ОБЛАСТНОЕ
УПРАВЛЕНИЕ
ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ»

120001, город Кызылорда,
улица Султан Бейбарыс 6/1, 309 каб
тел./факс: 8(7242) 605319, e-mail: uvp@orda.gov.kz

№ 06-12/1418
08.07.2021 ж

**«Ашық Азаматтық қоғам
ақпараттық-ресурстық орталығы»
қоғамдық қорының Президенті
А.Алікуловқа**

Облыстық ішкі саясат басқармасы **«Үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық-ресурс орталығы жұмысын ұйымдастыру»** әлеуметтік жобасы аясында ҮЕҰ арналған «Үздік ҮЕҰ», «Үздік әлеуметтік жоба» байқауын өткізуге келісім беретінін хабарлайды.

Басқарма басшысы **М.Қазбекова**

Орынд.: С.Бимагамбетова
тел.: 8/7242/605322